



ШЕШІМ

23.08.2019

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 417/54-VI

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласы бойынша  
Тексеру комиссиясының төрағасы  
және мүшелеріне «Б» корпусының  
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына  
қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-1-тармағына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 4-тармағына, «Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2019 жылғы 27 мамырдағы № 111 бұйрығына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы және мүшелері «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекітілсін.

2. Астана қаласы мәслихатының:

- 2018 жылғы 24 мамырдағы №257/32-VI «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы және мүшелеріне «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы»;

- 2019 жылғы 6 наурыздағы №265/45-VI ««Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» шешімдерің жою.

3. Осы шешім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы

Қ. Таукен

Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының хатшысы

Ж. Нұрпейісов

0002206

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
2019 жылғы 23 тамыздағы  
№ 417/54-Vі шешіміне  
қосымша

**Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы  
«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына  
қойылатын БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ**

**Тексеру комиссиясының төрағасы,  
D-1 санаты (№ 1-1) - 1 бірлік**

<b>Біліктілік талаптары</b>	
<b>Білімі</b>	Жоғарыдан кейінгі немесе жоғары білім: әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (мемлекеттік және жергілікті басқару, экономика, есеп және аудит, қаржы), құқық (құқықтану) саласында. Мемлекеттік аудитор сертификатының болуы.
<b>Құзыреттілігі</b>	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 85 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптарына және «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңына сәйкес.
<b>Практикалық тәжірибесі</b>	
<b>Функционалдық міндеттері</b>	Жалпы басшылықты жүзеге асырады және Тексеру комиссиясына жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады; Тексеру комиссиясының тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін бекітеді; Тексеру комиссиясы мүшелері мен Тексеру комиссиясы аппаратының жұмысын ұйымдастырады; бекітілген штат саны және жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде Тексеру комиссиясы аппаратының құрылымы мен штат кестесін бекітеді.

**Тексеру комиссиясының мүшесі, D-2 санаты  
(№ 1-2, № 1-3, № 1-4, № 1-5) - 4 бірлік**

<b>Біліктілік талаптары</b>	
<b>Білімі</b>	Жоғарыдан кейінгі немесе жоғары білім: әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (мемлекеттік және жергілікті басқару, экономика, есеп және аудит, қаржы), құқық (құқықтану) саласында. Мемлекеттік аудитор сертификатының болуы.

<p><b>Қузіреттілігі</b> <b>Практикалық тәжірибесі</b></p>	<p>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 85 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптарына және «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңына сәйкес.</p>
<p><b>Функционалдық міндеттері</b></p>	<p>Бекітілген Жұмыс жоспарына және Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес Тексеру комиссиясының аудиторлық, сараптамалық-талдау, ақпараттық және өзге де қызметін ұйымдастыру; өзіне бекітілген қызмет бағыттары бойынша аудиторлық іс-шараны жүргізуге және оның материалдарының іске асырылуына тікелей басшылық ету; Аудиторлық қорытындының ұсынымдары мен Нұсқама тапсырмаларының орындалуына мониторингті тұрақты және жүйелі негізде жүзеге асыру; жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің ұсынылуын ұйымдастыру.</p>